

**Мақтаарал ауданы ПБ
бастығы полиция
подполковнигі АМАНТАЕВ
Е.Д.**

НҮСҚАУ

№255143031000056 қылмыстық іс бойынша

ҚР «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 35-бабының тәртібінде

Мақтаарал аудандық ПБ-мен ҚК 174-бабы 1-бөлігімен басталған №255143031000006 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, «Whatsap» әлеуметтік желісінде ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және видеожазбалар жарияланғаны анықталып, 28.02.2025ж. ҚК 174-бабы 2-бөлігімен №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

Қылмыстық істің тергеуінің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 26-бабын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік-кодексінің 193-бабы 1-бөлігі 5-тармағын және 4-бөлігін басшылыққа алып, төмендегі тергеу әрекеттерін жедел түрде орындауды талап етемін:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 24-бабы 2-бөлігінде «Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті» деп көрсетілген.

Осыған орай, төмендегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуі тиіс:

-Істің мән-жайына қатысты өзге де куәлердің жеке бастарын анықтап, жауаптар алынсын.

-Қорғаушы Ғ.Саржановтың №3Т-2025-00785977 өтінішхатындағы көрсеткен сұрақтарын қамти отырып «ватсап» әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» және «Бауырлар» тобының барлық топ мүшлерінен жауап алынсын.

- ЖТӘ материалдарын заңдастыру және зерттеу.

-іс бойынша жүргізілген ЖТӘ нәтижелерін құпиясыздандырып тараптарға таныстырылсын.

-Іске қатысушы барлық тұлғалардан сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялауға жол берілмейтіндігі туралы ескерту түріндегі қолхаттар алынсын;

Көрсетілген тергеу амалдарымен шектелмей, басқа да тергеу амалдарын жүргізіп, қылмыстың жан-жақты және объективті тергелуіне ҚПК-те көрсетілген барлық шараларды қолданып, қорытындысымен заңды процессуалдық шешім қабылдауды қамтамасыз етіңіз.

**Мақтаарал ауданының прокуроры
аға әділет кеңесшісі**

Досаев А.Т.



QR-код ЭЦҚ қойылған PDF форматтағы электрондық
құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦҚ туралы деректерін,
лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа
қол қойған күнді мен уақытты қамтиды